

**«Қазан жалпы орта білім беру мектебі» КММ-нің
2025-2026 оқу жылының өзін-өзі бағалау қорытындысы**

Мектептің әдістемелік тақырыбы: **«Мектепке дейінгі және мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыруда инновациялық әдіс – тәсілдерді оқу үдерісінде пайдалану арқылы бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу»**

Мектептің миссиясы аясында келесі міндеттер атқарылды.

- Мұғалімдердің кәсіби даумын жетілдіру арқылы, зерттеушілік қабілетін, шығармашылық деңгейін дамыту;
- Оқу үдерісінде оқушыларды сыни ойлауға, өз бетінше жұмыс істеу; дағдыларын меңгеруде ынталандыру жұмысын жүргізу;
- Оқушыларды топпен, жұппен және жеке жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруға үйрету;
- Оқушы, ата-ана, мұғалім үштігінің жұмысын жандандыру;
- Оқу процесінде жаңа педагогикалық технологияны зерделеу және қолдану. Оқу және жазу арқылы дамыта оқыту мен сыни тұрғыда ойлау технологияларының бағдарламаларын іске асыру
- Мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес оқытудың сапасын арттыру;
- Жас мамандардың кәсіптік шеберлігін арттыру
- Әр баланың жеке табиғи болмысын зерделей отырып, қабілеттерін ашу;
- Отбасы мен мектептің ықпалдастығын дамыту

**2025-2026 жылдар аралығында өткізілген орта білім беру үдерісінің
қорытындысына талдау**

Қазан ЖОББМ шағын жинақталған мектептер қатарында қызмет атқарады. Оқыту тілі– қазақша. 2025-2026 оқу жылының басында 55 оқушы және МАД – 5 тәрбиеленуші, 8 сынып–комплект болды (МАД сыныбын қоса алғанда 9 сынып-комплект). Сыныптың оқушылармен орташа толымдылығы 7 оқушыны құрайды. Сынып толымдылығы өте төмен болғандықтан мектептің негізгі сатысында біріктірілген сыныптар бар: оқыту тілі қазақша 7-8-сыныптар біріктірілген. Біріктірілген сыныптар негізгі саты шоғырланған 5-9 сыныптан 4 комплект сыныптары жасақталды. Оқытудың бастауыш сатысында 1-4 сынып – (4 сынып-комплект) – 32 оқушы, негізгі сатысында 5-9 сыныптар- 27 оқушы (4 сынып-комплект). 10-11 сыныптарда оқушылар жоқ.

Сынып- комплект						
Оқу жылы	1-4 сынып	5-9 сынып	10-11 сынып	1-11 сынып	0- сынып	0-11 сынып
2022-2023	4	5	1	10	1	11
2023-2024	4	4	0	8	1	9
2024-	4	5	0	9	1	10

2025						
2025-2026	4	4	0	8	1	9

Білім алушылар контингентінің құрылымы.

Р/с №	Контингент құрылымы	1-4	5-9	10-11	Барлығы
1	Білім алушылар саны	32	27	0	59
2	Жалпы сыныптар саны/ білім алушылар саны	4/32	4/27	0	8/59

3 жыл көлеміндегі оқушылар саны.

Оқу жылы	1-4	5-9	10-11	1-11	МАД	0-11 сынып
2022-2023	29	31	6	66	14	80
2023-2024	36	29	0	65	10	75
2024-2025	33	31	0	64	3	67
2025-2026	32	27	0	59	5	64

Мектеп контингентінің сақталуы

Оқу жылы басындағы және аяғындағы көрсеткіш	Оқушылар саны			
	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Оқу жылының басында	66	65	64	55
Оқу жылының аяғында	64	63	62	59

Жоғарыдағы көрсеткіштер негізінде Қазан ЖОББМ 3 жыл ішінде оқушылардың саны 3 балаға азайғанын тұжырымдауға болады. 2025-2026 оқу жылында білім алушылардың саны жыл басынан тұрақты еместігін көрсетеді.

Қорытынды: Қазан ЖОББМ шағын жинақталған мектеп. Жылма-жыл оқушылардың саны төмендеу динамикасын көрсетіп отырады. 2025-2026 оқу жылында 10-11 жоғары саты сыныптарында білім алушыларының жоқтығынан оқыту үдерісі тоқтатылған. Соңғы 2 жыл ішінде 9-сынып түлектері білімдерін колледждерге түсіп оқуларын жалғастыруда.

2025-2026 оқу жылдарының білім сапасы мен үлгерімі:

Мектептегі білім беру жүйесінің жұмыс істеу нәтижелері білім алушылардың білім сапасымен, жетістік деңгейімен және әлеуметтену деңгейімен сипатталады. Педагогикалық ұжымның алдында басты міндет - білім беру ортасының инновациялық әлеуеті негізінде қызметтің сапалы көрсеткіштерін үздіксіз жақсарту іске асырылды. 2025-2026 оқу жылының қорытындысы бойынша мектеп бойынша үлгерім 100%, білім сапасы 80%

болды. Үлгермейтін оқушылар жоқ.

Оқу жыл ы	Үздіктер					Екпінділер				
	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан	жыл	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан	жыл
2022-2023	10	8	11	10	11	22	25	30	29	30
2023-2024	5	8	8	7	8	21	25	23	26	25
2024-2025	9	8	9	9	11	29	24	24	29	28
2025-2026	11	11	11	11	11	23	29	33	33	33

3 жылдағы оқушылардың білім сапасы

Оқу жыл ы	Барлық оқушы саны	% үлгері мі	% білім сапасы	1-4 сыныптар		5-9 сынып		10-11 сынып	
				үлге рімі	сапа асы	үлге рімі	сапа сы	үлге рімі	сапасы
2022-2023	65	100	68	100	68	100	69	100	71
2023-2024	63	100	72	100	84	100	64	-	-
2024-2025	62	100	72	100	77	100	66	-	-
2025-2026	59	100	80	100	85,7	100	74	-	-

Оқушылардың 3 жылдағы үлгерімін талдай отырып, 3 жыл ішінде үздік пен екпінділер саны көбейді. Бұл мұғалімдердің жоғары кәсіби дайындықтарын, сонымен қатар инновациялық технологияларды пайдалану тәжірибесін жетілгендігін білдіреді. 2025-2026 оқу жылында білім сапасының 8%-ға жоғарылағандығы байқалады.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» № 125 бұйрығының (өзгертулер мен толықтырлар енгізу туралы 2021 жылғы 17 сәуірдегі № 149, 2022 ж. 12 мамырдағы № 193, 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрықтары қоса алынды) қорытынды аттестаттау жүргізілді.

Негізгі және орта білім бойынша білім алушыларды аттестаттау

Оқу жылының соңындағы 9-сыныпты бітірген оқушы саны			Оның ішінде								
			Мектепті бітірген оқушы саны			Үздік аттестатқа бітірген оқушы саны			Мектепті «4» пен «5»-ке бітірген оқушылар саны		
2023-2024	2024-2025	2025-2026	2023-2024	2024-2025	2025-2026	2022-2023	2024-2025	2025-2026	2022-2023	2024-2025	2025-2026
4	5	5	4	5	5	0	0	1	3	3	3

Талдау көрсеткендей, негізгі саты түлектерінің саны өзгеріссіз. Оқушылардың білім көрсету деңгейі 2025-2026 оқу жылында (білім сапасы 60%) оңтайлы деңгейде.

Жалпы орта білім алған түлектер

Оқу жылының соңындағы 11-сынып оқушылар саны			Оның ішінде											
			Аттестат алған оқушы саны			«Алтын белгі» иегерлерінің саны			Үздік аттестат иегерлері			Мектепті «4»,«5»-ке бітірген оқушы саны		
2023-2024	2024-2025	2025-2026	2023-2024	2024-2025	2025-2026	2023-2024	2024-2025	2025-2026	2023-2024	2024-2025	2025-2026	2023-2024	2024-2025	2025-2026
0	0	0	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-

Қорытынды: 2025-2026 оқу жылында жалпы орта білім алушылардың білім сапасының көрсеткіші 60% құрады.

Мәселе: негізгі және жоғары деңгейдегі білім сапасының оңтайлы деңгейден көрсетті. Бұл сыныпты басқарудағы және білім сапасындағы мәселелердің оң шешілуі, пән мұғалімінің ынтасы жоғары және оқуға мотивациясы жоғары балаларға жеке, сараланған жұмыс жоспарын жүйелі пайдалану дағдысы қалысқанын байқатады. 2025-2026 оқу жылында жоғары буын сыныптарының болмауы үлкен мәселе тудыруда.

Бастауыш және негізгі білім беру деңгейін талдау

2025-2026 оқу жылында мектеп тарапынан білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алынды және оқу-тәрбие үрдісін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырды:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан

әрі – МЖМБС) № 348 бұйрығы (өзгерістер 23.09.2022 ж. №406);

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» № 500 бұйрығының (ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2024 жылғы 27 маусымдағы № 161 бұйрығының № 1 қосымшасы, 2025 жылғы 145 сәуірдегі №74 бұйрығының 6-қосымшасы);

ҚР ОАМ «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» 16.09.2022 ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. №467, 05.07.2023 ж. №199 бұйрығымен өзгерістерімен;

ҚР БҒМ 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 182 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау туралы» әдістемелік ұсынымдар;

ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы «Білімді ұлт - сапалы білім беру» Ұлттық жобасын бекіту туралы № 726 Қаулысы;

ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» № 125 бұйрығы *(өзгертулер мен толықтыру 30.04.2025 жылғы № 98 бұйрығының)*.

ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» № 216 бұйрығы (өзгерістер ҚР ОАМ 2023 жылғы 22 мамырдағы №140 бұйрығымен, жаңа редакцияда – ҚР ОАМ 2023 жылғы 3 шілдедегі №194 бұйрығымен);

ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізутуралы» № 334 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 595 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2015 жылғы 17 маусымдағы «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» № 391 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» № 130 бұйрығы;

ҚР БҒМ 2008 жылғы 16 мамырдағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 272 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулар ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 125 бұйрығымен енгізілген);

ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы «Білім беру

объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-76 бұйрығы;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 564 бұйрығы;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы «Орта білім беру ұйымдарындағы сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» № 18 бұйрығы;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 23 маусым «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» № 292 бұйрығы

6 жастан бастап 1 сыныпқа қабылдау

1 сыныпқа қабылдау	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
МАД-тан келген	5	14	8	4
Мектепке дейінгі дайындығы жоқ балалар	0	0	0	0

Жылма-жыл 1-сыныпқа қабылданатын балалардың 100% -ы мектепке дейінгі дайындықты тәмамдап келген балалар.

3 жыл аралығындағы оқушы саны

1-4	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Оқушы саны	29	35	33	32

Қазан ЖОББМ қазақ тілінде қызмет атқарады. 2025-2026 оқу жылы бастауыш сатыдағы оқушылар саны 1 оқушыға кеміді.

2025-2026 оқу жылдары аралығындағы 1-4-сынып оқушыларының білім сапасы

Мектептегі бастауыш сатыдағы білім беру жүйесінің негізгі нәтижелері 1-4 сынып білім алушыларының білім сапасымен, жетістік деңгейімен және әлеуметтену деңгейімен сипатталады. Педагогикалық ұжымның алдында басты міндет- білім беру ортасының инновациялық әлеуеті негізінде қызметтің сапалы көрсеткіштерін үздіксіз жақсарту болып табылады. 2025-2025 оқу жылынан бастап 1-4 сынып оқушыларының білім көрсету қорытындысы бойынша үлгерімі 100%, білім сапасы 77,78% - дан 85,71% - ға көтерілгені анықталды. Үлгермейтін оқушы жоқ. 2024-2025 оқу жылының талдау көрсеткішіне сәйкес жыл сайын білім сапасының өсіп келе жатқанын көруге болады.

1-4 сыныптар бойынша білім сапасы (3 жыл)

Оқу жылы	Барлық оқушы саны	1-4 классы	
		Үлгерімі	Білім сапасы
2023-2024	35	100	75
2024-2025	33	100	77
2025-2026	32	100	85,7

2025-2026 оқу жылындағы оқу озаттары мен екпінділер саны

Сынып тар	2023-2024		2024-2025		2025-2026	
	озаттар	Екпінді	озаттар	Екпінді	озаттар	Екпінді
1-4	6	9	6	15	6	18

Оқушылардың 3 жылдағы үлгерімін талдай отырып, үш жыл ішінде үздіктердің саны тұрақты, ал екпінділер саны артқанын көрсетеді. Үздік және жақсы нәтижеге қол жеткізу мәселесі тоқсан сайын ата-ананың, оқушының, мұғалімнің бірлескен ұжымдық жұмысы ғана қалаған нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретінін көрсетті.

Бастауыш инварианттік пәндер бойынша үлгерім 2- сынып

Пәндер	2023-2024		2024-2025		2025-2026		Өзгеріс динамикасы
	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	
Қазақ тілі	100	80%	100	87,5	100	85,7	-1,8
Әдебиеттік оқу	100	100%	100	81,3	100	85,7	+4,4
Математика	100	100%	100	75	100	85,7	+10,7
Жаратылыстану	100	100%	100	93,8	100	100	+6,2
Дүниетану	100	100%	100	93,8	100	85,7	-8,1
Орыс тілі	100	100%	100	81,3	100	85,7	+4,4
Ағыл тілі	-	-					-
ЦС	-	-					-

Бұл кестедегі көрсеткішке сүйенсек жылма-жыл үлгерім 100% көрсетіп тұрғанын көруге болады. Білім сапасын 2025-2026 оқу жылымен салыстырғанда қазақ тілі пәнінен 87,5% дан 85,7%-ға, дүниетану пәнінен 93,8% дан 85,7%-ға төмендегенін байқауға болады. Әдебиеттік оқу пәнінен білім сапасы 81,3%-дан 85,7%-ға, математика пәнінен 75%-дан 85,7%-ға, жаратылыстану пәнінен 93,8%-дан 100%-ға, орыс тілі пәнінен 81,3%-дан 85,7%-ға жоғарылады. Сабақта түрлі әдіс- тәсілдері қолданып, 2-сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын және пәнге деген қызығушылығын дамыту қажет.

3-сынып

Пәндер	2023-2024		2024-2025		2025-2026		Өзгеріс динамикасы
	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	

Қазақ тілі	100	100%	100	100	100	81,3	-18,7
Әдебиеттік оқу	100	100%	100	100	100	93,8	-6,2
Математика	100	100%	100	100	100	87,5	-12,5
Жаратылыстану	100	100%	100	100	100	93,8	-6,2
Дүниетану	100	100%	100	100	100	93,8	-6,2
Орыс тілі	100	100%	100	100	100	93,8	-6,2
Ағыл тілі	100	100%	100	100	100	93,8	-6,2
ЦС					-		

2025-2026 оқу жылы бойынша 3 сынып оқушыларының үлгерімі 100% көлемінде. Білім сапасы өткен жылмен салыстырғанда қазақ тілі пәнінен 100%-дан 81,3%-ға, әдебиеттік оқу пәнінен 100%-дан 93,8%-ға, математика пәнінен 100%-дан 87,5%-ға, жаратылыстану пәнінен 100%-дан 93,8 %-ға дүниетану пәнінен 100%-дан 93,8%-ға ағылшын тілі пәнінен 100%-дан 93,8%-ға, орыс тілі пәнінен 100%-дан 93,8%-ға төмендегі байқалады. Жалпы мектептегі 3-сынып оқушыларының инвариативтік пәндер бойынша білімді қабылдау деңгейі, оның ішінде есеп шығару, оқу, жазу сауаттылығының жоғары деңгейде екенін байқауға болады.

4-сынып

Пәндер	2023-2024		2024-2025		2025-2026		Өзгеріс динамик асы
	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	
Қазақ тілі	100	75%	100	100	100	100	
Әдебиеттік оқу	100	75%	100	100	100	100	
Математика	100	87,5%	100	100	100	100	
Жаратылыстану	100	100%	100	100	100	100	
Дүниетану	100	87,5%	100	100	100	100	
Орыс тілі	100	62,5%	100	100	100	100	
Ағылшын тілі	100	62,5%	100	100	100	100	
ЦСауаттылық	-	-					-

2025-2026 оқу жылы оқушылардың үлгерім деңгейі 100% көлемінде. Білім сапасы өткен жылмен салыстырғанда барлық пәннен 100% - тұрақты деңгейде. Сабақта түрлі әдіс-тәсілдері қолдана отырып, 4-сынып оқушыларының функционалды сауаттылығын және пәнге деген қызығушылығын дамыту жолдарын айқындап, нәтижелі деңгейге көтеру қажеттілігі әлі бар.

1-4 сыныптар бойынша вариативтік сағаттар үлесі

Оқу жылы	1-4	Оқыт у тілі	Таңдау пәндері	Барлығы
2022-2023	1-сынып	қазақша	Математика және логика-	1
	2- сынып	қазақша	Математика әлемі	1
	3- сынып	қазақша	Ғажайып математика	1

	4- сынып	қазақша	Математикалық сауаттылық	
барлығы				4
2023-2024	1- сынып	қазақша	Математика шыңы	1
	2- сынып	қазақша	Математика және логика	1
			Funny English	1
	3- сынып	қазақша	Математика және логика	1
	4- сынып	қазақша	English around us	1
барлығы				5
2024-2025	1-сынып	қазақша	Көркем жазу	1
	2-сынып	қазақша	Қызықты математика	1
	2-сынып	қазақша	За страницами учебника русского языка	1
	3-сынып	қазақша	Занимательная грамматика	1
	4-сынып	қазақша	Секреты речи	1
	барлығы			5
2025-2026	1-сынып	қазақша	Математика әлемі	1
	2-сынып	қазақша	Қызықты математика	1
	2-сынып	қазақша	Funny english	1
	3-сынып	қазақша	English around us	1
	4-сынып	қазақша	Логика әлемінде	1
барлығы				5

2025-2026 оқу жылдарында 1-4 сыныптар бойынша тандау пәндері сабақ кестеге сәйкес уақытында жүргізілді. Пән мұғалімдері оқу материалдарын басшылыққа ала отырып, оқушылардың білім-білік дағдыларын, танымдық қабілеттерін арттырып, зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамытуда.

2025-2026 оқу жылдары бойынша

оқу бағдарламасын жүзеге асырудың мақсаттары

-жаңартылған мазмұн жағдайында білім беру мазмұнын жетілдіру, мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес білім берудің жаңа сапасын қамтамасыз ету;

-қоғамдық-гуманитарлық бейіндегі пәндер бойынша білімалушыларды қосымша оқытуды қамтамасыз ететін басым бағыттар бойынша мазмұнды кеңейту және тереңдету;

-оқушы тұлғасының даралығына, өзіндік ерекшелігіне, бірегейлігіне, өзіндік ерекшелігіне қалыптасуы мен дамуы;

-оқушыларды функционалдық сауаттылыққа, өз бетінше және зерттеу жұмыстарына бағыттау;

-білім беру үдерісін ақпараттандыру деңгейін және мұғалімдер мен оқушылардың ақпараттық мәдениетін арттыру;

-жұмысты оқу жоспарының инвариантты және вариативті бөліктерінің, сондай-ақ оқушылардың сабақтан тыс жұмыстарының бірін-бірі толықтыруын қамтамасыз ету.

Оқу бағдарламасын жүзеге асыруда алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу келесі негізгі міндеттерді шешуді көздейді

-бастауыш жалпы, негізгі жалпы, орта жалпы білім берудің сабақтастығын қамтамасыз ету;

-негізгі жалпы және жалпы орта білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

-оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың оқу процесінің әртүрлі формаларының тиімді үйлесімін, оның барлық қатысушыларының өзара әрекетін қамтамасыз ету;

-оқушылардың, оның ішінде дарынды балалардың қабілеттерін анықтау және дамыту.

Оқушылардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік денсаулығын сақтау және нығайту, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Негізгі пәндер бойынша инварианттық пәндері бойынша үлгерім

Пәндер	2024-2025		2025-2026		динамика
	Үлгерім	Сапа	Үлгерім	Сапа	
Қазақ тілі	100%	70,4%	100%	81,4%	+11
Қазақ әдебиеті	100%	70,3%	100%	81,4%	+1.1
Орыс тілі мен әдебиеті	100%	70,3%	100%	77,8%	+7.5
Математика	100%	71,4%	100%	100%	+28.6
Алгебра	100%	69,2	100%	60%	-9.2
Геометрия	100%	76,9%	100%	60%	-16.9
Информатика	100%	85,2%	100%	81,5%	-3.7
Шет тілі	100%	77,8%	100%	81,4%	+3.6
Биология	100%	80%	100%	73,3%	-6.7
Химия	100%	100%	100%	66,7%	-33.3
Физика	100%	100%	100%	53,3%	-46.7
Дүниежүзі тарихы	100%	77,8%	100%	81,5%	+3.7
Қазақстан тарихы	100%	81,5%	100%	81,5%	
Құқық негіздері	100%	100%	100%	100%	
География	100%	92,3%	100%	66,7%	-25,6
Жаратылыстану	100%	64,2	100%	100%	+35,8

2025-2026 оқу жылы оқушылардың үлгерім деңгейі 100% көлемінде. Білім сапасы 2024-2025 оқу жылымен салыстырғанда қазақ тілі пәнінен 70,4% -дан 81,4%-ке, қазақ әдебиетінен 70,3%-дан 81,4 %-ға, орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 70,3% -дан 77,8%-ға, математика 71,4%-дан 100%-ге, ағылшын тілінен 77,8%-дан 81,4%-ға, дүниежүзі тарихынан 77,8%-дан 81,5%-ға, жаратылыстану пәнінен 64,2 %-дан 100%-ға жоғарылады. Алгебра пәнінен 69,2%-дан 60%-ға, геометриядан 76,9%-дан 60%-ға,

информатикадан 85,2%-дан 81,5%-ға, биологиядан 80%-дан 73,3%-ға, химиядан 100%-дан 66,7 %-ға, физикадан 100%-дан 53,3%-ға, географиядан 92,3%-дан 66,7 %-ға төмендегені байқалады. Тұрақты сапа көрсеткен пәндер: Қазақстан тарихы 81,5%, құқық негіздері 100%. Оқушыларының функционалды сауаттылығын және пәнге деген қызығушылығын дамыту жолдарын айқындап, нәтижелі деңгейге көтеру қажеттілігі әлі бар деп анықталды.

2025-2026 жылы бойынша әдістемелік жұмысына талдау

"Оқу мен оқытудағы бағалауды мектеп тәжірибесіне енгізу, сабақтағы критериалды бағалауды тиімді қолдану" тақырыбындағы мектептің әдістемелік мәселесі 3 жылға негізделген.

Мақсаты: Оқу мен оқытуда критериалды бағалаудың түрлерін қолдану арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан бағалау қабілетін қалыптастыру, педагогикалық ұжымның шығармашылық әлеуетін дамыту.

Мектептің әдістемелік мәселесіне сәйкес жұмыс өзара байланысты екі бағытта жүргізеді: кәсіби мәдениет пен педагогикалық шеберлік деңгейін жетілдіру мақсатында педагогикалық кадрлармен жұмыс, сондай-ақ білім сапасы мен оқу уәждемесін арттыру мақсатында оқушылармен жұмыс.

Келесі міндеттер қойылды:

- пән мұғалімдерінің АКТ-құзыреттілігін арттыру;
- мектептің бірыңғай ақпараттық білім беру кеңістігін құру;
- сабақ беру ортасында тиімді цифрлық білім беру ресурстарын, платформаларды, жасанды интеллектіні пайдалану есебінен оқыту сапасын арттыру;
- мектеп сайтының жұмысын жандандыру.

2025-2026 жылдар аралығында әдістемелік жұмысты жүргізу талдауы

Оқу процесін ұйымдастырудың негізі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (өзгерістерін қоса алғанда 23.09.2022 ж. №406) болып табылады.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес құрастырылған. Оқу сабақтарының кестесіне, сабақтардың ұзақтығына және өзгерістерді ұйымдастыруға арналған СанПин-де анықталған талаптар мен нормалар сақталған.

3 жыл аралығында МЖМБС орындалуын талдау оқу жоспарының барлық пәндері бойынша бағдарламалардың практикалық бөлімін қоса алғанда толық орындалғанын көрсетті.

Білім беру бағдарламаларының, жазба және бақылау жұмыстарының нормаларының орындалу мәселесі әкімшіліктің тұрақты бақылауында, барлық тексерулердің нәтижелері анықтама түрінде ресімделген.

Мемлекеттік білім стандартының талаптарын сақтау мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктерінің отырыстарында, ғылыми-әдістемелік және

педагогикалық кеңестерде қарастырылған. Мектепте 3 әдістемелік бірлестік (бастауыш сыныптар, гуманитарлық бағыт, жаратылыстану-математика) бар, оларды жоғары немесе педагог-сарапшы санатты, еңбек өтілі бар мұғалімдер ұйымдастырады.

Білім беру мазмұнын жаңарту жұмыстары педагогикалық ұжым қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады.

«Білім сапасын арттыруда инновациялық әдіс-тәсілдерді оқу үдересіне енгізуді жалғастыра отырып, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу» бірыңғай әдістемелік тақырып аясында:

- оқушылар мен ата-аналардың білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, оқу жоспарының вариативті бөлігіне енгізілген факультативтік пәндер ауқымын кеңейту;
- элективтік курстарға арналған авторлық бағдарламаларды әзірлеу;
- оқытудың жаңа білім беру технологияларын енгізу, оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттыруға, педагогикалық процестің субъектілері арасындағы қарым-қатынасты, сабақтастықты үйлестіруге ықпал ету.

2025-2026 жылмен салыстырғанда конференцияларға, конкурстарға, семинарларға қатысқан мұғалімдер саны азайды.

Мемлекеттік тапсырысты орындау мақсатында Қазан ЖОББМ педагогтер және мамандар саны штаттық кестеге сәйкес қамтамасыз етілді. 2024-2025 оқу жылдары мектеп тарапынан қажетті педагог қызметкерлермен қамту мәселесі 100% шешімін тапты.

Педагогтердің білім деңгейі

Білім деңгейлері	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
барлық педагогтер саны	20	18	20	15
жоғары білімді	18	17	20	14
	90%	94,4%	100%	93,3%
оның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімі бар	2	3	3	3
	50 %	100%	100%	100%

2025-2026 оқу жылында 15 педагог жұмыс істеді, оның ішінде жоғары педагогикалық білімі бары 93,3 % -ды құрайды, маман емес педагогтер жоқ. Жалпы педагогтер ішінде мектепке дейінгі жоғары білімі бар тәрбиешілер саны 3 (100%-ды құрайды).

2025-2026 оқу жылы мектептегі педагогтердің білім деңгейлері жоғары екендігін көрсетеді.

Педагогтардың сапалық деңгейі

Біліктілік деңгейі	2023-2024	%	2024-2025	%	2025-2026	%
Барлық педагогтер саны	18		20		15	
Педагог-	7	38,9	8	40	7	46,7

зерттеуші						
Педагог-сарапшы	4	22,2	4	20	4	26,7
Педагог-модератор	2	11,1	3	15	0	
Жоғары санатты	1	5,6			0	
Бірінші санатты	-	-			0	
Екінші санатты	-	-			0	
Біліктілік деңгейі	12	66,7	12	60	11	73,3

Қазан ЖОББМ педагогтерінің жаңа форматтағы аттестаттау ережелеріне сәйкес өту қорытындысы бойынша педагог-зерттеуші, педагог-сарапшылар, жоғары және бірінші санатты педагогтердің біліктілік деңгейі лицензиялық талаптарының сәйкестігін 73,3% көлемінде көрсетті. Педагог саны 26,7%-ды құрады.

2025-2026 оқу жылында барлығы 4 педагог аттестатталуға өтініш білдірді:

«Педагог-шебер» -1

«Педагог-зерттеуші» -1

«Педагог-сарапшы»-1

«Педагог-модератор» -1

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Категория	Ұсынылатын категория	Бұйрық
1	Тулкина Гульжанат Ертаевна	Мектепалды сыныбының педагогы	Педагог- зерттеуші	Педагог- шебер	
2	Амиза Айгуль	Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог- зерттеуші	Педагог- зерттеуші	
3	Какежанова Гульсара Оразбековна	Шағын орталық тәрбиешісі	Педагог- сарапшы	Педагог- сарапшы	
4	Жумабекова Сандугаш Калиевна	Көркем еңбек мұғалімі	Педагог	Педагог- модератор	

Педагогтерінің біліктілікті арттыру курстарынан өтуі (2025-2026 оқу жылы)

1 кесте

	менед жмент	бул линг	тарих	Ағыл. тіл	Сын.ж етекші	STEAM	Кітапх ана	психол ог	Қаржы л сауат
2025- 2026	2	2	1	1	1	1	1		1

жалғасы

	география	Жаһан күзір	Математика	Бастын	инклюзия	ШО тәрбие
2025-2026	1	1	1		1	2

2025-2026 оқу жылдарына арналған әдістемелік қызметтің міндеттері:

- оқу процесінің барлық қатысушылары: әкімшілік, мұғалімдер, оқушылар және олардың ата-аналары ақпараттық деңгейде қатысатын жүйені құру;

Жыл сайын мектепте гуманитарлық әдістемелік бірлестігінің педагогтары тілдер онкүндігін, гуманитарлық пәндер апталығын, жаратылыстану-математикалық пәндер апталығын бастауыш сынып апталығын өткізеді. Есептік оқу жылында онкүндік мен апталықтар аясында ашық сабақтар, сыныптан тыс іс-шаралар, семинарлар өткізіледі.

2025-2026 оқу жылына «Lesson Study: білім сапасының құпиясы», «Білім сапасы: жасырын себептер мен шешімдер» тақырыбында детектив-семинар тізбегі өткізілді, сонымен қатар мұғалімдердің АКТ құзыреттілігін арттыру мақсатында «Digital-Спринт» жобасы жүзеге асырылды.

Ағымдағы оқу жылында білім сапасын арттыру бойынша жұмыс екі бағытта жүргізілді – екінші жартыжылдықта – 5 сыныпта – Lesson study зерттеу сабақтары (тарих, қазақ тілі, орыс тілі мен әдебиеті) - «Қолдау деңгейі әртүрлі тапсырмалар баяу оқушылардың оқу белсенділігі мен нәтижесіне қалай ықпал етеді?» зерттеу сұрағы бойынша өткізілді.

Мектепалды сыныбында «Тіл ұстарту жаттығуларын қолдану мектепалды сынып балаларының анық сөйлеу дағдысын қалай жақсарттады?» тақырыбында Action research - іс-әрекеттегі зерттеу жүргізілді.

Мектеп олимпиадаларын өткізу, дарынды оқушыларды анықтау, жобалармен жұмысты бақылау, аудандық олимпиадаға, Зерде, Дарын байқауларына қатысуға дайындық мақсатында мектепшілік жоспар құрылды. Мектеп олимпиадасына 36 оқушы қатысты, жүлделі орындарға ие болған 27 оқушы грамоталармен марапаттауға ұсынылды. аудандық пән олимпиадасына 1 оқушы қатысты. Жобалар конкурсына - 4 жобалық жұмыспен 5 оқушы қатысты, жүлделі орындарды иеленді.

Оқу жылы бойы біздің мектептің оқушылары зияткерлік байқауларына қатысады. Қашықтықтан оқыту кезінде оқушылар онлайн-олимпиадаларға, интернет-байқауға, қашықтықтан интеллектуалдық-жарыстарға белсенді қатысты.

«Ертіс Дарыны» байқауларына және басқа мектеп бағдарламасының барлық пәндері бойынша әр түрлі жастағы балалар үшін кең мүмкіндіктер ұсынылды. Онлайн-олимпиадалар мен байқаулар – бұл оқушылардың ғылыми білімге қызығушылығын арттырудың, теориялық білімі мен практикалық дағдыларын тереңдетудің тиімді нысаны.

Біздің оқушылар жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша жақсы нәтижелер көрсетті.

2025-2026 оқу жылының байқаулардың нәтижелері

	аудандық			Облыстық			Республикалы қ		
орын	I	II	III	I	II	III	I	II	III
«Ақбота» интеллектуалдық олимпиадасы									7
Bebras									1
«Тарих ата»							1	4	3
Жас кемеңгер облыстық сырттай оқу мектебінің олимпиадасы					1	4			
«Зерде» ғылыми зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының конкурсы 2025 ж		1	1						
Аудандық ғылыми жоба конкурсы	1					1			
Бастауыш сынып оқушылары арасындағы математикалық турнир		2	1						
9-11сынып оқушыларына арналған пән олимпиадасы			1						
Аудандық Ілияс оқулары 2026		1	2						
Аудандық Абай оқулары			1						
7-8 сынып оқушыларына арналған пән олимпиадасының аудандық кезеңі			2						
5-6 сынып оқушыларына арналған пән олимпиадасы	1	1	1			1			
«Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасы			3						
«Әбіш оқулары» 2026						1			
Облыстық «Кіші Сәтбаев» олимпиадасы				1		2			

**Мектепке дейінгі тәрбиеленушілердің 2025-2026 оқу жылының
байқаулардың нәтижелері**

№	Тәрбиеленушінің аты-жөні	Конкурс атауы	Орын	Жееткшісі
1	Муратбаева Айсара	«Тәуелсіздігім-тұғырым» аудандық байқауы	1	Тулкина Г.Е.
2	Муратбаева Айсара	Аудандық «Шебер қолдар»	1	Тулкина Г.Е.
3	Бейімбек Алимжан	Облыстық «Менің әкем-полиция қызметкері»	1	Тулкина Г.Е.
4	Бейімбек Алимжан	Республикалық «Менің әкем-полиция қызметкері»	Грамота	Тулкина Г.Е.
5	Муратбаева Айсара	Аудандық «Жауқазын» олимпиадасы	2-орын	Тулкина Г.Е.
6	Бейімбет Алимжан	«Балапан» мектеп жасына дейінгі балалардың облыстық қашықтық олимпиадасы	2-орын	Тулкина Г.Е.
7	Мұсайлла Ұлжан	«Балапан» мектеп жасына дейінгі балалардың облыстық қашықтық олимпиадасы	2-орын	Тулкина Г.Е.
8	Нурумбеков Амир	«Балапан» мектеп жасына дейінгі балалардың облыстық қашықтық олимпиадасы	2-орын	Тулкина Г.Е.
9	Муратбаева Айсара Мұсайлла Ұлжан Бейімбет Алимжан Мейрамбек Алимурат Нурумбеков Амир	Аудандық «Бүлдіршін конкурсы	1-орын	Тулкина Г.Е.
10	Жұмағали Жалайыр Оспан	Аудандық «Бүлдіршін конкурсы	номинация	Какежанова Г.О.
11	Муратбаева Айсара Мұсайлла Ұлжан Бейімбет Алимжан Мейрамбек Алимурат Нурумбеков Амир	Облыстық «Бүлдіршін конкурсы	2-орын	Тулкина Г.Е.
12	Қазболат Малика	Аудандық «Ханталапай» конкурсы	1-орын	Какежанова Г.О.
13	Аскаров Айсултан	«Ханталапай» конкурсы	1-орын	Какежанова Г.О.
14	Қазболат Малика	Облыстық «Ханталапай»	номинация	Какежанова Г.О.

ұйымның педагогы»	үздік												
----------------------	-------	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Педагогтердің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттармен марапатталуы

№	Атауы	Мұғалім аты-жөні	Мерзімі
1.	Аудан әкімінің Алғыс хаты	Омаров Балгабай Сатыбалдинович	2025 ж.

Педагогтердің іс- тәжірибесімен бөліскен үшін Сертификаттарға ие болуы

№	Атауы	Мұғалім аты-жөні	Мерзімі
1.	«Сабақты зерттеу: Май ауданы мектептерінің тәжірибесі» IV аймақтық ғылыми-практикалық конференция	Жаксымбетова Сания Манатовна	2026 ж
2.	«Сабақты зерттеу: Май ауданы мектептерінің тәжірибесі» IV аймақтық ғылыми-практикалық конференция	Кисамиденнова Гульмира Каскырбаевна	2026 ж
3.	«Сабақты зерттеу: Май ауданы мектептерінің тәжірибесі» IV аймақтық ғылыми-практикалық конференция	Тулкина Гульжанат Ертаевна	2026 ж.
4.	«Болашаққа бағдар: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективасы» республикалық семинар	Тулкина Гульжанат Ертаевна	2025 ж.
5.	«Мектепке дейінгі білім берудегі кросс-мәдени жобалар: елдер арасындағы тәжірибе алмасу» халықаралық конференция	Тулкина Гульжанат Ертаевна	2025 ж.
6.	«Тұлға қалыптастырудағы адалдық феномені: Бекмұрат Уахатовтың өмір жолы мен «Адал азамат» бағдарламасының сабақтастығы облыстық конференция	Тулкина Гульжанат Ертаевна	2025 ж.
7.	«Шексіз мүмкіндіктер: ғылым және инновация» II облыстық форум	Курмашева Майра Жумагалиевна	2026 ж.

Оқыту- материалдық активтер

Қазан ЖОББМ материалдық-техникалық базасының жағдайы санитарлық нормаларға сәйкес келеді. Мектеп 1989 жылы салынған типтік ғимаратта орналасқан. Мектептің жалпы көлемі 3818,1 шаршы метр құрайды. Мектепте 15 оқу кабинеті бар, дене шынықтыру залы, спорт алаңы, 40 орындық асхана, кітапхана, дәрігер кабинеттері бар. Мектептің компьютерлік орталығы 1 информатика кабинетінен тұрады (5+1, 3 комплект), ұлдарға арналған шеберханада егеу станогі-1, бұрғылау станогі-1,

ағашты өңдеу станогі-1, верстак -9, қыздарға арналған шеберханада 7 іс тігетін машиналар бар. Мектеп спорт залында күн сайын ылғалды тазалау және залды желдету жүргізіледі.

Спорт залында және спорт алаңында еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария ережелеріне, сондай-ақ шұғылданушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін оқу орындары ұйымдастырылған. Гигиеналық қаптамасы бар поролонды төсеніштер – 6 шт, доптар -12 (баскетболдық-5шт, волейболдық-4 шт, футболдық-3шт), баскетболдық қалқан-2, баскетболдық тор-2, волейболдық шілтер (тор)-2, волейболдық майкалар-10 (көк-10), шаңғы – 8 жұп, сабақтан тыс жұмысқа арналған құралдар (тоғызқұмалақ-3, шахмат кабинетінде 6 шахмат столы, шахмат -11, шахмат сағаты -4), тренажер -1, теннис үстелі – 2, швед қабырғасы – 10 және гимнастикалық құрал-жабдықтар бар.

Мектеп кітапханасында – 6448 дана кітап қоры бар. Оқулықтар қоры – 1911, негізгі қор – 4537, оның ішінде қазақ тілінде 3312 әдеби және ғылыми оқулықтар.

Асхананың жалпы көлемі 172,5 шаршы метр. Тағамдық блокта қуыруға арналған шкаф 1 және 1 электр плита, 2 тоңазытқыш, 1 мұздатқыш бар. Барлық жабдықтар жұмыс күйінде, тауар жарамдылық мерзімі және температуралық жағдайы сақталады. Асхананың жабдыкталуы 100%. Ас бөлме керекті қондырғылармен толық жабдыкталған. Барлық қондырғылар жұмыс істеп тұр.

Мектеп оқушыларының ыстық тамағын ұйымдастыру үшін асхана жалға берілді. Жалға алушы ЖК «Адина». Асханада 2 қызметкер жұмыс атақарады, кәсіби талаптарға сай, жұмыс істеуге рұқсаттамалары бар. Асхана қызметкерлері мен оқушылар үшін барлық гигиеналық жағдайлар жасалған.

Мектептегі тамақтануды ұйымдастыру сұрақтары қамтамасыз етілген нормативті құжаттар мектепте бар, сыныптар бойынша тамақтануды бақылау жүйесі құрылып, мониторинг жүргізіледі.

Жылыту орны мектептен 10 метр жерде орналасқан. Мектептегі температуралық тәртіп нормаға сай.

Дәретхана мектеп ішінде жылытылған: ұлдарға арналған дәретханада 2 унитаз, 1 раковина. Қыздарға арналған дәретханада да 2 унитаз, 1 раковина. Барлық унитаздар бөліктермен бөлінген жеке есіктері бар кабинкаларда орналасқан.

Мектептің медициналық кабинеті екі бөлімнен тұрады: дәрігердің қабылдау және процедуралық. Медициналық кабинеттің лицензиясы талаптарға сай.

Оқу және ғылыми зертханалар

Бүгінгі таңда мектепте физика және биология зертханаларының функцияларын біріктіретін екі зертхана бар. Биология зертханасы 2009 жылы жаңартылды. Материалдар мен құралдар бағдарламаға сай жүйеленген.

Ақпараттық ресурстар және кітапхана

Ақпараттық ресурстар бойынша мектепте информатика кабинеті толық

қамтамасыз етілген. Мектепте 1 компьютер класы (5+1) 2015ж., (3) 2020 ж., 1 интербелсенді тақта 2009ж. биология кабинетінде. Математика, бастауыш сынып, информатика кабинеттері проектор компьютерлерімен жабдықталды.

Кабинеттердің жұмыс жоспарлары жасалған. Кабинеттерде техника қауіпсіздігіне арналған стенд бар, ілінген, оқу жылының басында қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау өткізіліп, оқушыларға қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларды тіркеуге журнал басталады, өрт кезінде эвакуациялау жоспары құрылған, медициналық қорапшасы бар.

Информатика кабинетіне компьютерлердің алынуы туралы мәліметтер

№	Алынған компьютерлер түрі	Жеткізу көзі	Құрылу жылы	Қайда орнатылды	Жөндеуді немесе жаңалауды қажет етеді
1	5+1		2015	Информатика кабинеті	
2	7 (ноутбук)		2018	Информатика кабинеті	
3	3 (ноутбук)		2019	Бастауыш сынып, биология кабинеті, физика кабинеті	
4	5 (ноутбук)		2020	Бастауыш сынып, биология кабинеті, физика кабинеті	
5	3 (ПК)		2020	Информатика кабинеті	
6	10 (нетбук)		2020	Бастауыш сынып, биология кабинеті, физика кабинеті	
7	10 (планшет)		2022	Бастауыш сынып, биология кабинеті, физика кабинеті	
8	Интербелсенді тақта		2009	биология кабинеті,	
9	Проекторлар компьютермен		2017	Бастауыш сынып, информатика	

				кабинеті	
--	--	--	--	----------	--

Кітапхана жұмысын тексеру барысында нормативтік құжаттар талаптарының орындалуы, кітапхананың кітап қоры, құрылымы, кітапхана қорын жаңартуға, қосымша әдебиеттерге жыл сайын жіберілетін қаражат көлемі, оқушылардың оқу процесіне көмек ретінде әдебиетпен қамтамасыз етілуі зерттелді

Кітапхананың кітап қоры туралы мәлімет:

Оқу әдебиеттері қоры бөлек орналасқан. Оқулықтарды орналастыру сыныптар бойынша жүргізілді. Жаңа оқулықтардың түсуіне қарай оларды бірден өңдеу және орындарына орналастыру жүргізіледі.

Көркем әдебиет қоры оқырмандарға ашық қолжетімді. Кітапхана ғылыми-көпшілік, анықтамалық, салалық, көркем, балалар әдебиетімен, электронды оқулықтармен жабдықталған.

Құжаттарға жазу уақтылы және ұқыпты жүргізіледі. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары аралығында кітапхананың кітап қоры төмендегідей болды:

Оқу жылы	Жалпы қор		Оқулықтар		Көркем әдебиет		Салалық әдебиет		Электрондық оқулықтар	
	Қаз.	Орыс	Қаз.	Орыс	Қаз.	Орыс	Қаз.	Рус.	Қаз.	Орыс
2021-2022	6022		1793		3293		936		77	
	4894	1128	1793		2368	925	632	304	52	25
2022-2023	5943		1706		3466		771		53	
	4795	1148	1706		2527	939	549	222	37	16
2023-2024	6448		1911		3592		945		55	
	5258	1190	1911		2641	951	671	274	39	16
2024-2025	5053		1519		3592		945		55	
	4056	1000	1519		2641	951	671	274	39	16
2025-2026	5056		1502		3592		945		55	
	4056	1000	1502		2641	951	671	274	39	16

Мемлекеттік тілдегі әдебиеттер – 3312 дана. Электрондық оқулықтар 55 атау. Мемлекеттік тілдегі оқулықтар 1911 дана. Мектепте 109 дана энциклопедиялар, анықтамалықтар, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі сөздіктер бар.

Оқулықтар арнайы қоймада сақталады. Сөрелерде оқулықтар сыныптар мен пәндер бойынша орналасқан. Кітапхана қоры оқырмандар үшін ашық қолжетімді. Кітапханада Қазақстан жазушыларының, кеңестік және шетелдік жазушылардың әдебиеті бөлінген. Салалық әдебиеттер кітапханалық-библиографиялық жіктеу бойынша орналастырылған, сөрелік белгіштер бар.

Кітапханада атаулы күндерге арналған кітап көрмелері ұйымдастырылады. Барлық көрмелер қазақ және орыс тілдерінде рәсімделген. Кітапханада қазақ және орыс тілдерінде мерзімді әдебиеттер бар.

Оқырмандар формуляры жүргізіледі, онда оқырмандарға берілген

кітаптар туралы жазбалар бар. Кітапхана қорына жаңадан түскен барлық кітаптар түгендеу кітабына енгізіледі. Кітаптарда осы мектептің мөрі бар, түгендеу нөмірлері бар. Күнделікті жұмыс үнемі жүргізіледі. Жылына 2 рет оқулықтардың сақталуын тексеру бойынша рейд жүргізіледі. Барлық мұғалімдер мен оқушылар кітапханалық қызметпен қамтылған.

Пәндер бойынша электронды оқулықтар бар. Нормативтік құжаттар: кітапхана туралы ереже, жылдық жұмыс жоспары, кітапхананы пайдалану ережесі. Кітапхана қызметін бақылау директор жанындағы жиналыстарда және әкімшілік планерлерде кітапханашыны тыңдау арқылы тұрақты түрде жүзеге асырылады.

Тексеру нәтижесінде мектептің компьютерлік паркі 39 компьютерден және 10 планшеттен тұратыны анықталды. Барлық компьютерлік парк жарамды күйде. Мектепте 1 интерактивті тақта, 1 жаңа модификациядағы биология кабинеті бар. Компьютерлермен жабдықталу көрсеткіші 1 компьютерге 1,6 оқушыны құрайды, бұл аудандық орташа көрсеткіштен әлдеқайда жоғары. Мектеп компьютер паркі жылдан-жылға жаңарып келеді. 2020 жылы 615 000 тг 5 штук ноутбук, 53732 тг және 77280 тг екі принтер, 1 400 000 тг 10 штук нетбук және 3 персоналды компьютер 569 700 тг, 10 планшет 396 032 тг алынды. 2022 жылы тачпанель 1000 050 тг, 2, түсті принтер 170000 тг. Мектепте кең жолақты интернет бар. Интернет жылдамдығы 30М / б.

Мектептің компьютерлік жабдықтары заманауи технологияларды қолдануға мүмкіндік береді, оларды әртүрлі пәндерді оқытуда қолдануда белгілі бір тәжірибе жинақталған.

Интернет ресурстарын оқушылар рефератқа дайындық кезінде, ҰБТ-ға дайындық кезінде тестілеу, шығармашылық жұмыстар жасау кезінде белсенді пайдаланады. Мұғалімдер жаңа педагогикалық технологиялармен, материалдармен, қашықтықтан оқыту курстарымен, конкурстар мен олимпиадалардың шарттарымен танысуға және оларға қатысуға мүмкіндік алады. Интернет сабақ кезінде де қолданылады.

Қазан жалпы орта білім беру мектебінің тәрбие бағыты бойынша 2025-2026 оқу жылының жылдық талдауы

Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң

мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының басты идеясына айналды.

- **Бағдарламаның мақсаты:**

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

- **Бағдарламаның міндеттері:**

- ✓ **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

- ✓ **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын

болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

- ✓ **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

- ✓ **Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

- **Бағдарлама мазмұны:**

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі

жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары

мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;

Қаңтар – заң және тәртіп айы;

Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;

Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;

Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

- **Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым

түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

- ✓ **Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық**

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

Негізгі орта мектеп түлегі:

Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;

Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;

Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрмет көрсету;

азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;

мемлекеттік тілді меңгеру;

Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен

жобаларға қатысу;

әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;

Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

- ✓ **Құндылық: бірлік және ынтымақ**

Құзыреттілік: тиімді коммуникация

Негізгі орта мектеп түлегі:

қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну;

сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу;

тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу;

бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу;

басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

- ✓ **Құндылық: әділдік және жауапкершілік**

Құзыреттілік: қоғамға қызмет

Негізгі орта мектеп түлегі:

өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру;
әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс әрекеттерін талдау;
оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту;
берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;
басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу;

✓ **Құндылық: заң және тәртіп**

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

Негізгі орта мектеп түлегі:

құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу;
тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну;
қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.

✓ **Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

Құзыреттілік: инновациялық ойлау

Негізгі орта мектеп түлегі:

өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалау;
түрлі мамандықтар мен олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту;
өз уақытын тиімді жоспарлай білу және кез келген қызметтің нәтижелеріне қол жеткізу үшін күш салу;
еңбек қоғамдық және табысты болудың негізі екенін түсіну;
жеке мүдделерді, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен өмірлік жоспарлардың жеке траекториясын саналы түрде таңдауға және құруға дайын болу.

✓ **Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық**

Құзыреттілік: шығармашылық

Негізгі орта мектеп түлегі:

тапсырмаларға шығармашылықпен қарай білу, өз шешімдері мен идеяларын ұсына білу;
өз бетінше әрекет ету және жобаларды іске асыру;
бақылау, өлшеу, эксперименттер мен тәжірибелер жүргізу;
модельдеу, таным объектілерінің құрылымын анықтау, бір бүтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы қатынастарды іздеу және бөлу, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алу;
оқу есептерін шешудің оңтайлы тәсілдерін таба білу, ол үшін жаңаларын қолдану және бұрыннан таныс алгоритмдерді біріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешуге қолдана алу;
әр түрлі таным құралдарын қолдану дағдылары, әлем туралы білім жинақтау (тілдік, оқырмандық мәдениет, ақпараттық, цифрлық ортадағы қызмет).

Әр айдың іс-шаралары :

күнделікті

• «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды

• «**Апта дәйексөздері**» – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.

• «**Қауіпсіздік сабағы**» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу

• «**Ұлттық ойын – ұлт қазынасы**» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

• «**Өнегелі 15 минут**» – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

• «**Үнемді тұтыну**» – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу

• «**Күй күмбірі**» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын.

Қазан жалпы орта білім беру мектебінің 2025 – 2026 оқу жылында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асырылды. ««Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын негізге ала отырып тәрбие жұмысының мазмұнында «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» ілтипат, талап сияқты құндылықтарды басшылыққа алынып, жылдық жоспары құрылып және ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының құжаттары қарастырылып, сабақ кестесі, жоспары сынып жетекшілер отырысында талқыланып, бекітілді.

Қазан жалпы орта білім беру мектебінің 2025 – 2026 оқу жылында барлығы 59 оқушы. Мектеп бойынша себепсіз сабақ босатқан оқушылар анықталмады. 2025-2026 оқу жылының басында медбикемен, сынып жетекшілермен, педагог-психологпен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен, «Қамқоршылық» кеңесінің жұмысымен бірлесе отырып, әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары құрылды.

Жағдайы төмен оқушылар жөнінде мәлімет және отбасына қатысты құжаттарын жинап, тізімі жасақталды. Жаппай біліммен қамтуды ұйымдастыру бойынша бақылау комиссия отырысы өтті. 8,9 сынып оқушыларының әлеуметтік ортасын және отбасын анықтау мақсатында анкеталар жүргізілді, оқушылардың отбасылық жағдайы талданды. Сынып жетекшілермен әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысы қадағаланды.

Әлеуметтік педагог, пән мұғалімдері, психолог, сынып жетекшілер және әкімшілікпен іс-шаралар өткізілді.

Мектеп бойынша аз қамтылған отбасы оқушылары тегін ыстық тамақпен қамтылды.

Үнемі асхана жұмыстары тексеріліп, асханадағы оқушылардың дұрыс тамақтануы қадағаланады. Аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларына көмек көрсетілді. Жағайы төмен отбасы үйлерін аралап, рейд жұмыстары жүргізілді. 1 қыркүйек Білім күніне арналған «Мектебім-мейрім мекені» тақырыбында салтанатты жиыны және сынып сағаттары өткізілді. Оқушылардың сыныптан тыс бос уақытын ұйымдастыру мақсатында үйірме, секция жұмыстары кесте құрылып, сол кесте бойынша өткізіліп отырды. Мектеп бойынша 5 үйірме және 4 спорттық секция ұйымдастырылды. Сонымен қатар, «Балалар кітапханасы», «Smart bala», «Қамқор», «Еңбегі – адал жас өрен», «Шабыт», ««Ұшқыр ой алаңы»», «Менің туым», «Экоboom», «Family Day» «Үнем – қоғам қуаты», жобалары және мектепішілік «Ұлттық құндылықтар» жобасы және «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубы жұмыс жасады.

5 қыркүйек тілдер мерекесіне орай "Тілім менің,баға жетпес байлығым"

Тілдер айлығы аясында, мектебімізде аталмыш тақырып бойынша апталық өткізілді, Белсене қатысқан оқушыларды марапаттау рәсімі өтті.

Отбасы күнін мерекелеу аясында «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды. Балалар мен жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында қазан айының басында мектепте «Денсаулық апталығы» өтті. Денсаулық күні бағдарламасы аясында Шағын орталықтың тәрбиеленушілері қозғалмалы ойындар ойнап, 1-4 сыныптар арасында «Толағай», 5-9 сыныптар қыздар арасында «Волейбол», 5-9 сыныптар ұлдар арасында «Футбол», 8-9 сыныптар арасында «Волейбол» жарыстары өткізілді. Оқушыларды спорттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттырып, дене қозғалыстарын жетілдіру,басты мақсаты болып табылады.

8 қыркүйек күні Астана уақытымен сағат 12.00-де дене белсенділігін арттыру мақсатында республиканың барлық өңірінде аталмыш «FIZKULTMINUTKA» челенджі өткізілді. Мектебіміздің 1-9 сынып оқушылары қатысып, бірінғай спорттық жаттығулар кешенін орындады.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС 2025-2026 жаңа оқу жылының басталуына орай тәрбие бағыты бойынша педкеңес өткізілді. Педкеңес барысында қазіргі уақыттағы тәрбиенің беталысы мен құндылықтар жүйесін анықтап, талдау жұмыстары жүргізілді. Педагогтар топтық жұмыс бойынша, өзекті мәселелерді талдап,өз көзқарастарын ортаға салды. ««Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы «Жалпы адамзаттық құндылықтар отбасы тәрбиесінің негіздері» жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Еңбек күні қарсаңында «Адам азамат-адал еңбек» флешмобы өтті.

Қыркүйек айында аға тәлімгер Ахмет Д.Н ұйымдастыруымен мектеп Парламентінің Президентін сайлау өткізілді. Мектеп Президентіне 4 үміткер

қатысты. Сайлау қорытындысы бойынша көп дауыс жинаған 8-сынып оқушысы Сулейменов Айбар сайланды.

Мектеп бойынша «Тоқта, буллинг» акциясы өткізілді. Акцияға барлық сыныптар белсен қатысты. Оқушылармен тәрбие сағаттары, тренингтер, пікірталас, ұйымдастырылды.

Мұғалімдер күніне арналған «Дублер күні» мектепте білім алушылардың өзін –өзі басқару күні өткізілді. Жоғары сынып оқушылары мектеп мұғалімдерін тосын сый жасап, төл мерекелерімен құттықтады.

1-қазан «Қарттар күні» мерекесіне орай мектеп оқушылары «Қарттарым - асыл қазынам» атты құттықтау бейнеролигін жасалып көрсетілді.

Облыстық «ЭКОбум» жобасының «Күзгі сыйлықтар» акциясы, «Қолданылған батареяларды және ПВХ өнімдерін жою» акциясына мектеп оқушылары белсене қатысты.

25 қазан -Республика күніне орай «Отан туым» акциясы ұйымдастырылып, оқушылар ту суретін бейнелеп, мектеп терезелеріне орналастырды. Сонымен қатар Шағын орталық, МАД, 1-4 сыныптар арасында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Менің елім-Қазақстан» патриоттық мәнерлеп оқу челленджіне оқушылар белсене қатысты. Республика күніне орай «Қазақстан еліне саяхат» суреттер байқауы ұйымдастырылып және 7-8 сынып оқушылары арасында БПФ форматында «Ұшқыр ой алаңы » дебат өткізілді.

25 қазан Республика күніне орай ұйымдастырылған «Қыран елім-Қазақстан» тақырыбында патриоттық акциясы аясында Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұранын орындауға Қазан жалпы орта білім беру мектебінің ұстаздары мен оқушылары белсене қатысты. Мәдениет үйінде «Республика күніне» орай мерекелік іс-шара өтті.

Күзгі каникул кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында іс-шаралар жоспары құрылды. Осы мақсатта үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс, мектепшілік пән олимпиадасына дайындық және волейболдан жарыс ойындары ұйымдастырылды. Жоспаға сәйкес үйірмелер мен секциялар жұмыс жасады.

2026 жылғы 8-20 қараша аралығында «Бала құқығы – адам құқығы» атты республикалық онкүндік және «Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқанының, «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» науқанының өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары аясында мектеп психологі М.Оразбаева «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында мектеп оқушыларымен тренинг ұйымдастырды. 13 қараша күні мектеп медбикесі Усина Раушан 7-9 сынып оқушыларымен «Қыздар арасында» дөңгелек үстел өткізілді. «Бақытты балалық шақ» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Қазан учаскілік полиция Абдрахманов Б.Ш қатысуымен балаларды зорлық - зомбылықтың кез келген түрінен құқықтық қорғау деңгейін арттыру мақсатында «Қатыгездік және жеткіншек» тақырыбы бойынша кездесу өтті. 5-9 ұлдарымен бірге Қазан учаскілік полиция Абдрахманов Б.Ш қатысуымен «Ұл бала-тәрбиесі-ұлт болашағы» атты кездесу ұйымдастырылды. Мектепте «Сенім жәшігі» әр апта сайын қаралып отырады. «Түнгі қаладағы балалар!», «Жасөспірім», «Көше» сияқты кең ауқымды рейдтер өткізіліп отырады.

«Қатыгездік пен зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқаны аясында тәрбие ісінің орынбасары А.Е.Кайдарова және мектеп психологі М.Оразбаеваның ұйымдастыруымен 8-9 сынып ата-аналар арасында «Отбасы және бала тәрбиесі» атты ата- аналар жиналысы өткізілді. «Еркін тыныс ал!» Жалпы республикалық флешмобқа Казан жалпы орта білім беру мектебінің оқушылары белсене қатысты.

Мектепте «Балалар кітапханасы» жобасы жылдық іс-шаралар жоспары құрылды. Құрылған жоспар аясында іс-шаралар өткізіліп отырады. Жобаға ата-аналар, оқушылар қатысады. Сынып кабинеттерінде кітап оқу бұрыштары құрылды. Мектеп кітапханасында «Бір ел, бір кітап», «Менің Қазақстаным», «тарихи өлке – тұнған тарих», «Жаңа кітап- жаңа сыр», «Электрондық аудио - кітаптар», «Саусақ ертегілері» бұрыштары әзірленген және оқушылар әдеби кітаптар алып оқиды. Үзіліс кезінде оқушылар кітап оқиды.

Ай сайын бракеражды бақылау комиссиясының төрайымы, қамқоршылық кеңесінің төрайымы және мүшелері мектеп асханасының санитарлық жағдайын, ыстық тамақ ішетін балалардың тамақтануын және ас мәзірін тексеріп отырды.

15 қараша –Ұлттық валюта теңге күніне орай тәрбие сағаттары өткізілді.

Мектепте үзіліс кезінде оқушылар қазақтың ұлттық ойындарын ойнады. Вирустық инфекцияның алдын алу бойынша және «Бала жарақатының алдын алу және алғашқы көмек көрсету» тақырыптарында мектеп медбибісі Усина Р. оқушыларға түсініктеме берді. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне арналған «Тәуелсіз елім-тірегім!»тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Мектеп парламенті және бастауыш сынып оқушылары «16- желтоқсан Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай құттықтау бейнероликтерін жолдады.

«Қош келдің, Жаңа жыл!» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шарада мұғалімдер шыршаға арналған безендіру ойыншықтарын жасады. Мектебімізде 26 желтоқсан күні МАД және бастауыш сыныптар арасында жаңа жыл мерекесі өткізілді. Бастауыш сыныптар арасында өткен «Қош келдің, Жаңа жыл!»атты мерекелік іс-шараға барысында оқушылар түрлі өнерлерін көрсетті. Бастауыш сынып оқушыларына сыйлықтар табыстап, жаңа жылдық көңіл күй сыйлады. Балалар қызықты сайыстарға, ойындарға қатысып, Аяз атаға өлең айтып, тәтті сыйлықтар алды. Мереке көңілді өтті. Мектебімізден 27 желтоқсан күні бүлдіршіндерге арналған аудан әкімінің жаңа жылдық шыршасына 2 оқушы барды. Оқушыларға мерекелік сыйлық ретінде 100 000 теңге сертификаты мен тәтті сый табыстады.

II тоқсан аяқталуына байланысты сынып жетекшілер ата-аналар жиналыстарын өткізді. Күн тәртібінде: оқушылардың қысқы демалыс уақытындағы өмір қауіпсіздігі; 2-ші тоқсан білім сапасы; қысқы демалыс кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша берілген іс-шаралар жоспарымен таныстырылды. Мектеп бойынша оқушылардың бос уақыты қамтылған. Каникул кезінде оқушылардың бос уақытын қамту бойынша іс-шаралар жоспары құрылған. Жоспар бойынша іс-шаралар өткізілді. Мұғалімдер, ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңес мүшелері түнгілік уақытта рейд өткізді. Мектеп бойынша тәртіп бұзушылық болған жоқ.

Акция аясында «Достық –біздің тірегіміз» атты тәрбие сағаттары, 5-9 сынып

оқушылармен «Спорттағы достық» бағыты бойынша волейболдан жарыс өткізілді. «Шығармашылық ынтымақтастық» бағыты бойынша «Достық баллалар көзімен» атты суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде ай сайын күнделікті дүйсенбі күні «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды, сонымен қатар **«Апта дәйексөздері»** – ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында орналастырылады.

«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізілді. **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б. *«Көңілді үзілістер»* шарасы ұйымдастырылды. **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі өткізілді. **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, сынып сағаттар өткізілді. **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау әр қоңырау сайын ойнатылды.

«Қазан жалпы орта білім беру мектебі» КММ ұжымы республикалық «Ұлттық сезім жобасын қолдап белсене қаттысты. Біз ұлттық құндылықтарды дәріптейміз.

1 НАУРЫЗ -«Алғыс айту күні» аясында «Алғыс айту-парызым» тақырыбында сынып сағаттар, Мектеп парламенті жалғыз басты әжелер мен аталарға көмек көрсетті. Мектеп ұжымы 2 отбасыға қайырымдылық жасады. Жомарт жандарға алғыс айтылды.

Халықаралық әйелдер күні аясында «Еліміздің ұлы әйел адамдары» атты сынып сағаттары өткізілді. Бастауыш сынып оқушылары Қазақстанда жасалған атты облыстық жобасы аясында «Анама сыйлық» челенджіне қатысты. «Ана деген тіршіліктің тірегі» атты ертеңгілік МАД, «Әпке тірек- сіңлі жүрек» атты байқау 1-7 сынып оқушыларының қатысуымен өткізілді. Мектебіміздің ортаңғы буын оқушыларының қатысуымен «8- наурыз Халықаралық әйелдер күні» мерекесіне орай, аталмыш концерт өткізілді.

Наурыз мейрамы қарсаңында мектебіміздің ұстаздар мен оқушыларры «Қош келдің, әз НАУРЫЗ» мерекелік іс-шара өткізілді. «Ұлттық киім күні» аясында мектеп оқушылары мен мұғалімдер белсене қатысты.

Бүкіл әлем бойынша наурыз айының соңында жыл сайын «Жер сағаты» халықаралық акциясы өткізіледі.

Мектебіміз «Балалар кітапханасы » жобасы аясында «Шын жүректен кітап сыйла» республикалық челленджін қолдады.

«Таза Қазақстан» акциясының «Киелі мекен» бағыты бойынша мектебімізде тазарту жұмыстары жүргізілді. Мектебіміз Республикалық сенбілікке қатысты.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні аясында «Ынтымағы жарасқан туған өлкем» атты сынып сағаттары өткізілді.

12-мамыр «Аналар күніне» орай «АНАМА АЛҒЫС» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Оқушылар өздерінің аналары туралы бейнероликтер жасады.

2025-2026 оқу жылының аяқталуына байланысты бірыңғай мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде: Жазғы демалыстың жұмыс жоспарымен таныстыру (мектеп жанындағы «Балдәурен» жазғы сауықтыру лагері); Жазғы демалыс уақытында оқушылардың қауіпсіздігі; Өскелең ұрпақ арасындағы суицидтік мінез –құлықтың алдын алу; әр түрлі сұрақтар.

Жазғы демалыс уақытында ата-аналар және оқушылармен оқушылардың қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында «Өрт, су, өмір қауіпсіздігі» туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде қабылданған жоспарға сәйкес «Білім - Отаным» тақырыбында 25 мамыр күні бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Сонымен қатар Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасы шеңберінде

1.Республикалық 16 күн зорлық-зомбылыққа қарсы» акциясы аясында «Қатыгездікке жол жоқ әлем» эссе байқауында жүлделі орын алған Берикбаева Айару.

2. «Адал азамат» бағдарламасы аясында «Қалам сынағы» облыстық байқауда «Проза» номинациясында жүлделі орын алған Жұмабек Зере.

3.Диплом Халықаралық еріктілер күніне арналған «Ойыншық сыйла» облыстық ауқымды акциясы аясында «Ең жылы сыйлық» номинациясы Жұмабек Кәусар мен Мейрамбек Нұрасыл марапатталды.

4. Диплом Халықаралық еріктілер күніне арналған «Ойыншық сыйла» облыстық ауқымды акциясы аясында «Ең жылы сыйлық» номинациясы Мейрамбек Нұрасыл марапатталды.

1.Алғыс хат аудандық білім беру бөлімі «Тәртіпті ұрпақ – қауіпсіз қоғам» құқықтық фестивалі.

2.Аудан мектептерінде өткізілген «Алғысым шексіз сіздерге» сурет байқауы 2 орын Жұмабек Зере.

3. Алғыс хат «Наурыз Фест» аудандық конкурсында «Ән шуақ» бағытында жоғары көрсеткіштері үшін Оралтай Акжан марапатталды.

4.Диплом аудандық «Тәртіпті ұрпақ – қауіпсіз қоғам» құқықтық фестивалі аясында өткен сурет көрмесі бағытында 3 орын иленген Жұмағали Медея.

5. «Мега данс -2026» жобасының шеңберінде «Би-биле» аудандық конкурста 2 орын иленген Бейімбет Шынар.

6. 16 күн зорлық зомбылықсыз аясында "Бақытты балалық шақ" суреттер сайысында 3 орын Жұма,али Шұғыла.

Жалпы өткізіліп отырған іс-шаралардың барлығы мектепішілік сайт пен әлеуметтік ресми парақшаларда жарияланып отырады. Оқушылардың, ата-аналардың мектеп сайтын, әлеуметтік желілерді қолдау белсенділігі жоғары.

Қорытынды:

- «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсатына сәйкес «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» жасампаз азаматты тәрбиелеу.
- Оқушылар арасында ұлттық құндылықтар мен өлкетану,салауатты өмір салты құндылықтарын, рухани және шығармашылық мүдделер

басымдықтарының қалыптасуына ықпал ететін үйірмелер мен «Жас ұлан», «Жас қыран» балалар мен жастар ұйымының, «Адал ұрпақ» клубы жұмысын белсенді ұйымдастыру, шаралардың жоба форматында сапалы әрі, тиімді іске асуын қадағалау.

- Сынып жетекшілер жұмысын жүйелеу, мәртебесін арттыру арқылы оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету.

Күтілетін нәтиже:

Белсенділігі жоғары, өз мүмкіндігін ынтымақтаса отырып, қолдана алатын оқушыны қалыптастыру.

Оқушылар белсенділігі мен сынып, мектептегі психологиялық ахуалдың қалыпты жағдайда болуы.Сыныптың тәрбие жұмысы жүйесін қалыптастыру. Ата-аналармен серіктестік жүйесін жетілдіру.